

Аудан әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2003 жылғы 18 тамыздағы N 104 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 8 қыркүйекте N 1005 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 2021 жылғы 17 ақпандағы № 34 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігінің 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Заңының 13-бабына және облыс әкімдігінің 2003 жылғы 26 мамырдағы N 114 "Облыс әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі туралы" 2003 жылғы 5 маусымда N 941 тіркелген, 2003 жылғы 11 маусымдағы N 69 "Северный Казахстан" газетінде жарияланған қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілетін аудан әкімдігінің резервін пайдалану Ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Р.Төлегеновке жүктелсін.

Аудан әкімі

Ғабит Мүсірепов атындағы
аудан әкімдігінің
2003 жылғы 18 тамыздағы
"Аудан әкімдігінің резервін
пайдалану Ережесі
туралы" N 104 қаулысымен
Бекітілген

Аудан әкімдігінің резервін пайдалану

Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже тиісті қаржы жылына Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихаты бекіткен сома шегінде, Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімдігі резервіндегі қаражатты бөлу және жұмсау механизмін айқындайды.

2. Тиісті қаржы жылында күтілмеген шығыстарды қаржыландыру үшін аудан әкімдігінің резерві Қазақстан Республикасының "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі N 357-1 Заңының 13-бабына және "Бюджет жүйесі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 261 Заңының және 2000 жылғы 19 мамырдағы өзгерістерімен "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 5 шілдедегі N 19 Заңына сәйкес аудандық бюджет құрамында қалыптастырылады.

Аудан әкімдігінің резервімен мыналар ескеріледі:

аудан әкімдігінің қаулысымен айқындалған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға, олардың алдын алуға және өзге де күтілмеген шығыстарға арналған қаражат.

3. Аудан әкімдігі резервінен қаражатты бөлу аудан әкімдігінің қаулысымен белгіленген, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2002 жылғы 23 қыркүйектегі N 3 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2002 жылғы 16 қазанда N 2012 тіркелген Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға сәйкес алушысы, қаражат мөлшері және олардың мақсатты жұмсалыу бағыты көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.

4. Аудан әкімдігінің резерв қаражаты мақсатты белгіленген және қаражат бөлу туралы аудан әкімдігінің қаулысында көрсетілмеген мұқтаждықтарға қолдануға болмайды.

Аудан әкімдігі резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімдігінің қаулысы қаржы жылы өткеннен кейін күшін жояды. Қаражаттың пайдаланылмаған қалдығы, сондай-ақ аудан әкімдігі резервінің мақсатты пайдаланылмаған қаражаты аудандық бюджетке қайтарылады.

5. Аудан әкімдігінің резерві аудан бюджетіне түскен түсімнің көлемінен 2 пайыздан аспау керек.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға бөлінген қаржы

6. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою, оларды алдын-ала ескерту үшін аудан әкімдігінің резервінен осы шараларды қаржыландыру үшін, апаттан құтқару жұмыстарына, басқа да төтенше жағдайларды жою шараларына кеткен шығын есебімен айналысатын төтенше комиссияның материалдары негізінде жүзеге асырылады.

3. Басқа да күтілмеген шығындарға қаржы бөлу

7. Аудан әкімдігі резервінен өзге де күтілмеген шығындарды қаржыландыру ағымдағы және ағымдағы қаржы жылында кідіріссіз шешімді талап ететін аудандық бюджетті және аудан бюджетін толығымен қалыптастыруға көзделмеген шығыстарды қаржыландыруда жүзеге асырылады.

8. Аудан әкімдігінің резервінен өзге де күтілмеген шығындарға қаражат бөлу үшін аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері аудандық қаржы басқармасына негіздемелер мен есептерге сәйкес қаражат бөлу туралы өтініш ұсынады.

9. Аудандық қаржы басқармасы ұсынылған өтініш негізінде аудан әкімдігінің резервінен қаражат бөлудің мүмкіндігі немесе мүмкін еместегі туралы қорытынды береді.

10. Аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қолдаухаты бойынша оң қорытынды болған жағдайда, өзге де күтілмеген шығыстарға аудан әкімдігінің резервінен қаражат бөлу туралы аудан әкімдігі қаулысының жобасы ұсыныс берген аудандық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері заңда белгіленген тәртіпте бағдарламалар дайындайды.

4. Есеп және бақылау

11. Аудандық қаржы басқармасы әр тоқсанда аудан әкімдігіне, аудан әкімдігінің резерв қаржысының нақты барын және қайда пайдаланған есебінің мәліметін береді.

12. Аудан әкімдігі резервінен қаржы алған бюджеттік бағдарламалар әкімгерлері, әкімдік резерві қорынан алынған қаржының пайдаланған есебін, істелген жұмыстың уақытында, көлемі және бағасы туралы бір тәртіппен берілген мезгілінде аудандық қаржы басқармасына есебін тапсырады.

13. Аудан әкімдігінің резервін мақсатты пайдалану үшін аудандық қаржы басқармасы, қазынашылық бөлімі бақылау және қаржы бақылау комитетінің басқармасы жүргізеді.

14. "Мемлекеттік сатып алулар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес аудан әкімдігінің резерв қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылауды мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру және бақылау департаментінің бас маманы жүзеге асырады.

15. Бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімді және мақсатты пайдаланылуы үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте қаражат алушыға жүктеледі.